

2009 жылы Науырзым ауданында жұмыссыздарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемін, кәсіпорынды бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 11 наурызда № 38 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 наурызда № 9-16-90 тіркелді

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2010.03.26 № 64 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңның 31-бабы 1-тармағының 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы", мемлекеттік тіркеу нөмірі 9243, қаулысына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2009 жылы Науырзым ауданында жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі бекітілсін.

2. Науырзым ауданы әкімдігінің "Атамекен" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (келісім бойынша) 2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін кәсіпорын болып бекітілсін.

3. "Науырзым ауданының қаржы бөлімі" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемесінің бастығы көрсететін жұмыстар мен қызметтерді қаржыландыруда қоғамдық жұмыстар мен қызметтердің түрлері мен көлемдерін ескерсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Х. С. Қуатқановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Т. Ташмағамбетов

Науырзым ауданы әкімдігінің

2009 жылғы 11 наурыздағы

№ 38 қаулысымен бекітілген

2009 жылы Науырзым ауданында жұмыссыздарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі, қоғамдық жұмыстарды жүргізетін кәсіпорын

РҚАО - ның ескертпесі.

Мәтінді қағаз кестесінен қараңыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ